«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы **№ 25** 2026 жылдың «04» қараша

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/75381050379?pwd=1Dgm4asaDAaEil8eDmnb3aAAF32udr.1.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Інжумаржан Мысырғалиқызы
3. Қайырханқызы Аяжан
4. Оспанова Гульден Джетысовна
5. Тикенов Еркин Амангельдинович
6. Бекбергенов Тугелбай
7. Катибаева Гульнара Нурганатовна

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

8. Жабаев Данияр Серикович
9. Шакаримов Ерлан Адильгазыулы.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

1. Қоғамдық кеңестің құрамына енгізу үшін кандидаттың өтінішін қарау және кандидатпен әңгімелесу өткізу.

Күн тәртібіндегі «Қоғамдық кеңестің құрамына енгізу үшін кандидаттың өтінішін қарау және кандидатпен әңгімелесу өткізу» мәселесі бойынша Қоғамдық кеңестің хатшысы 2026 жылғы 04 қарашада, отырыс басталғанға дейін, 2026 жылғы 28 қазанда Қоғамдық кеңестің құрамына енгізу үшін кандидаттарды қосымша іріктеуге қатысуға өтініш берген кандидаттан бұрын берілген өтінішін кері қайтарып алу және іріктеуге одан әрі қатысудан бас тарту туралы жазбаша өтініш келіп түскенін хабарлады (өтініштің көшірмесі танысу үшін Кеңес мүшелеріне WhatsApp мессенджеріндегі ортақ чат арқылы жолданған).

Кандидат өз өтінішінде бас тарту себебі ретінде басқа Қоғамдық кеңестің құрамына іріктеуге қатысуын көрсеткен.

Келіп түскен жалғыз өтініштің кері қайтарылуына байланысты кандидатпен әңгімелесу өткізу және оны Қоғамдық кеңестің құрамына енгізу мәселесін қарау мүмкін емес.

Қоғамдық кеңестің хатшысы кандидаттарды тарту және Қоғамдық кеңестің құрамын қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында белгіленген тәртіппен кандидаттарды іріктеу үшін қайта қосымша конкурс жариялауды ұсынды.

Қоғамдық кеңес мүшелері қалыптасқан жағдайды талқылап, кандидаттарды тарту және Қоғамдық кеңестің құрамын қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында қайта қосымша конкурс жариялау туралы ұсынысты қолдады.

Электрондық сауалнама жүргізу арқылы өткізілген ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері төмендегідей дауыс берді:

«Қолдағаны» – 9;

«Қарсы» – 0;

«Қалыс қалғаны» – 0.

Дауыс беру нәтижелері бойынша, көпшілік дауыспен, Қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

1. 2026 жылғы 28 қазанда Қоғамдық кеңестің құрамына енгізу үшін кандидаттарды қосымша іріктеуге қатысуға берілген өтініштің кандидат тарапынан кері қайтарып алынғаны туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Қосымша конкурсқа қатысуын жалғастыратын кандидаттардың болмауына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамдық кеңестің құрамына кандидаттарды енгізу үшін қосымша конкурс жариялансын.

3. Қоғамдық кеңестің хатшысы қосымша конкурсты жариялау және өткізу бойынша қажетті іс-шараларды белгіленген тәртіппен ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етсін.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселе қаралды. Отырыс хаттамасы оған қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы _____ **Г. Катибаева**

Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы _____ **Ш. Бакаева**